



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Билер біртұтас мемлекеттік билік ісіне қосқан үлесі және ел басқаруда көсем сөз, даналығымен танылған құрметті тұлға. Елбасына күн туған қиын сәтте халқына пана бола білген қорғаушы әрі қолдаушысы.

Қазақ аталы сөзге тоқтап, халық сайлаған билерді қастерлеп, олардың билік шешімдері мен кесімдеріне келіскен халық. Қазақ ұлттық энциклопедиясында – би туралы арнайы тоқтап, бидің қоғамдағы және өмірдегі рөлін бағамдап жазған. Би сөзін түрлі зерттеушілер: 1. Ел билеушісі, иелік етуші; 2. Сот, төреші. 3. Батағөй, шешен; 4. Бітістіруші дипломат, елші – деп ортақ байламға топтастырылған.

Ұрпақ тәрбиесіне ерте кезден-ақ ерекше мән берген дана халқымыз баласына болашақта елімнің арқа сүйер азаматы, келешегімнің иесі, ғұмырымның жалғасы деп қараған. Жастайынан ел қамын ойлайтын, отан сүйгіш, ұлтжанды азамат етіп қалыптастыруға тырысқан. Жаңа туылған сәбиге бесік жырын жырлап, тілі енді шыққан балаға жаңылтпаш үйретіп, ертегі айтып, мақал-мәтел, эпостық жырлар, шешендік сөздерді сіңіре отырып ұрпағын тәрбиелеген.

Қазақ халқы шешендік сөзге өте бай. Шешендік сөздер – ел құралып қалыптаса бастағаннан бері халықтың өнеге тұтып, өмір тәжірибесіне пайдаланып келе жатқан билер мен хандардың, ақындармен мен шешендердің, ел ағалары болған данышпандардың, жастайынан жалындап өскен өткір ойшылдардың аузынан шыққан дуалы, өнегелі, қасиетті сөздері. Халық сынынан, ғасыр шындауынан өткен ұлы көшпелі қазақ қоғамында би-шешендер көп болған. Олар дауласқан даугерлерді, жауласқан жаугерлерді бір ауыз сөзбен тоқтатқан.[3]

Билер сөзі – халқымыздың өзіне тән табиғи дарындылығын көрсететін мәдени мұрамыздың бірі. Олар ғасырлар бойы халқымызбен бірге жасасып келе жатыр. Ата-бабаларымыз көне замандарда шешендік екінің біріне қона бермейтін қасиет, дарын санап, қоғамға қажетті өнер деп бағалап, оны күнделікті тәрбие арқылы ұрпақ санасына сіңіріп отырған.

Бүгінгі тәуелсіз еліміздің жас ұрпағын ұлтжанды, адмгершілік мол, жігерлі, рухани бай, парасатты етіп тәрбиелеуде билердің шешендік өнері баға жетпес құндылығымыз десек артық айтпаған болар едік.

Тәуелсіз жылдарында рухани қазынамызды түгендеу Елбасы бастамасымен қолға алынған «Мәдени мұра» бағдарламасының септігі зор болды. Көне ғасырдан сыр шертетін археологиялық ескерткіштерден бастап, қазақ тарихын тереңінен зерттеуге даңғыл жол ашылды. Билер есімінің жаңғырып, ұрпақ ұстынына айналуы да тәуелсіздік жемісі.

Қолданылған әдебиеттер

1. Билер сөзі. Алматы, 1992.-159б
2. Н. Төреқұл. Билер сөзі – ақылдың көзі. – Алматы. 1996.- 238б
3. Дайрабай Т.; Ахметов М.; Омаров Қ. Билер сөзі – киелі. Алматы, 2012.-209б

УДК 378

ПАТРИОТИЗМ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ РЕТІНДЕ

Хадыс Нұршаш

nuka_1109@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің студенті

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ж.М.Макимбаева

Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Патриоттық сезімнің объектісі мен қайнар көзі – Отан десек, оның мазмұны: туған жер, табиғат, оның байлықтары, тіл, дәстүр, тарихи ескерткіштер,

туған өлкедегі тамаша киелі орындар. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне арналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Елжандылық идея, отаншылдық сезім – адамда жүре пайда болатын, жеке тұлғаның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, әлеуметтік құбылыс.

Қазақстан Республикасының президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына – Қазақстан – 2050 ж. стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, жолдауы әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына алға басу жолындағы Қазақстанның қалыптасуының негізгі кезеңдері таңбалаған бірегей құжаты болып табылады. Ең маңызды жеті мақсаттардың арасында, қазақстандықтар үшін барлық аталған стратегияны және патриоттық тәрбиені күшейтудің міндетін шешу керек. Және де президент Н.Назарбаев бұл бөлімді ерекше атайды: « Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің қоғамымыздың көп ұлттық және көп конфессиялық қоғам жетістіктің негізі» [1].

«Қазақстандық патриотизм» - ұғымы осы түсініктерді байыта түседі. Ол көздің қарашығындай сақтап келген туған жерін қорғау, елінің салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сыйлау, ана тіліне деген сый құрмет, елі мен жерінің өркендеуіне үлес қосу, Қазақстанда мекендейтін өзге ұлт өкілдерінің мүддесімен санасу сияқты құндылықтардан тұрады.

В.А.Макаров: «Патриотизм - кез – келген саяси, әлеуметтік, этникалық топтардың ғасырлар бойғы тұтастығын қамтитын құбылыс», [2, 31б.] – деп тұжырымдайды. Ал Н.И.Губанов былай деп ой түйеді: « Шын мәніндегі патриотизм кім –кімнің болса да өз Отанына шексіз берілгендігі, сонымен бірге өзге халық мақтанышына құрметпен қарау болмақ. Ал мұндай қасиет іс – әрекет пен идеяның, ықыластың бірлігінің айғағы іспетті» [2, 33б.].

Осы айтылғандардың барлығы патриотизм қоғамдық сананың бір формасы, тарихи және классикалық категория екенін, яғни ол да қоғам дамуымен бірге дамып, жаңа мазмұнмен толыға түсетінін білдіреді. .

Көп ұлтты Қазақстан үшін отансүйгіштік сезімінің рухани саладағы тату – тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттің материалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар

Отансүйгіштік рух – қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуына мүмкіндік беретін бірден - бір күш. Патриотизм идеясының дамуына француз материалистерінің де, орыс революционерлерінің қосқан үлесі мол. Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары да , атап айтсақ, Әл – Фараби, М.Қашқари, Ж.Баласағұн жыршы – жыраулары да; Асан Қайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар жырау, Махамбет айтқан болатын.

Философ Д.Раев: «Патриотизм ұғымын бүкіл әлемдік ғылыми мәдениеттегі терең өзгерістер тұрғысынан алатын болсақ, патриоттық концепция «Батыстық» және «Шығыстық» дәстүрдегі адамдардың қатығысы жағдайында өмір сүруі. Батыс демократиясының негізгі белгісі және ең беделді ұстанымы – плюрализм. Плюрализм индивидтердің өзін – өзі көрсетуінің қоғамдық формаларының көп жақтылығын, әртүрлі мүдделердің, қиындықтар мен бағалардың, көзғарастардың қатар өмір сүру құқы бар дейтін нанымды білдіреді» [3].

Қазіргі әлеуметтік әрекет кеңістігінде плюрализм әр адам үшін негізгі әлеуметтік бағдарда өмір сүру стилінің эталонына айналды. Сондықтан кешегі рухани өмірдегі аномальді құбылыстар, бүгін жоғары мәртебеге ие болуда. Сайып келгенде, плюрализм қоғамдағы патриоттық сезімдер мен гуманистік қатынастарға өзінің елеулі ықпалын тигізуде. Осының салдарынан халықтағы ерекше бұқаралық көңіл – күйдің әдеттегіден де көтеріңкі болуын, осыдан туындайтын тобырлық сананың басымдығына патриоттық сезімнің орнына космополитизм «пендешілік» пиғылдардың үстем болуын байқауға болады.

Қазақстан мемлекетінің егемен ел болып қалыптасып өркендеп гүлденуі ұлттық біртектілікті сақтаудан басталады. Оның басты құндылықтары – ана тілі, ұлттық рух, діни наным сенімдермен тығыз байланысты. Отансүйгіштік – азаматтық санамен қалыптасатын қасиет. «Азаматтық сана» біліммен қаруланған, аға ұрпақтың қалдырған мәдени – тәлім

мұраларынан сусындаған, туған жері мен елінің рухани – материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңіре білген, ақыл мен парасаттылығы жетілген, жеке мүдде мен болашақ үшін жауапкершілікті өткен мен келешек ұрпақ алдындағы парызбен ұштастыра білетін, ұлтжанды саналы азамат болуды талап ететін құбылыс. Ұлттық ынтымақтың негізі отансүйгіштік болып табылатыны сияқты, оның екінші негізі – азаматтық мораль. Азаматтық мораль ұлтымыздың мүшелері мен оларға ұқсайтын басқа адамдарға құрметпен қарау. Отанымызды, ұлтымызды қалай сүйсек, Отандастарымызды да солай құрметтеуге тиіспіз.

Жас ұрпақ тәрбиесі көп салалы, бірақ солардың ішінде Отаншылдықтың орны ерекше. Өйткені, ел басына қандай да болмасын қиын кезеңдер туса да оларды ерлікке жетелейтін, оларға рух пен күш - қуат беретін, намысын оятатын сезім - Отанға деген сезім, сүйіспеншілік. Ел президенті Жолдауында республикамыздың болашағы білімді де тәрбиелі жастарда екендігі айрықшы аталып өтеді.

Ұлы ойшыл Әл – Фараби «адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» [4, 1926] - деп білім беру мен тәрбие ісін етене бірлікте алып, біртұтас жүйе ретінде қолдану керектігін меңзейді. Тәрбие адам тағдырын, оның рухани өмірінің негізін сақтайды.

Халқымыз кір жуып, кіндік кескен атамекенін аялап ,біртуар аяулы перзенттерін мақтан тұтып , қадірлеп – қастерлеуді ұрпағына аманат еткен. Қазақ елінің кез – келген перзенті жұмыр жердің қай бұрышында жүрсе де өзінің іс – әрекеті мен мінез- құлқынан өз ұлты мен халқына деген сүйіспеншілік қасиеттерін тайға таңба басқандай айқын байқатып отыруы тиіс. Бұл үшін ата - бабалардың тарихы мен шежіресін біліп, оларды талдап таратуға ерекше мән берген абзал. Ата – бабаларымыз Алтайдан Атырауға,Еділ мен Жайыққа дейінгі ұлан – ғайыр, кең жазира даланы ғасырлар бойы басқыншы жаудан сан рет қорғап, бостандық пен тәуелсіздік жолында шыбын жанын пида еткен. Біздер халқымыздың хас батырлары Қабанбай мен Бөгенбайды, Исатай мен Махамбетті, Кенесары мен Наурызбайды, Қасымхан мен Абылай ханды қадір тұтып қастерлейміз. Олардың халқы үшін қалтқысыз қызмет еткенін өзімізге үлгі - өнеге етіп,осындай ата - бабаларымыздың болғанын қалайша мақтан тұтпаймыз!

Патриотизм, отансүйгіштік деген түсінік – өз Отанын сүю, өз еліне адал берілгендік, оған қалтқысыз қызмет ету,оның мүдделері мен қауіпсіздігін қорғауға өз өмірін құрбан етуге дейін дайын болуды білдіреді.

Психологияда адамның жан – дүниесі, сезім әрекеттеріне сигналдық жүйенің ықпалы мол екендігі айтылады. Бұл ретте мектептердің патриотизмге тәрбиелеу жолдарын қарастыра келіп, олардың, жалпы оқушылардың сана – сезіміне ықпал ету, іс – әрекеттерін ұйымдастыру бағыттарында жүргізілгендігін анықтаймыз. Тәрбиелік іс – шараның бағыттары «ұлтжандылық, ұлттық патриотизмдік» сананы қалыптастыру болса, ол – ар, намыс, ождан, қарыз, парыз секілді тағы басқа ұғымдар мен түсініктерді нақтылауды; олар туралы оқушы білімін жетілдіруді және олардың ауқымын кеңейтіп, тереңдетуді; сөйтіп Отан, мемлекет, ел, ұлт, халық, атамекен секілді киелі ұғымдармен байланысын ашып көрсетуді талап етеді. Өсіп келе жатқан жас буындардың бойында ұлттық патриотизмді қалыптастыруда, олардың әрқайсыларының « өзін ұлтының перзентімін» деп сезінуін нысанаға ала отырып, Қазақстандағы дәл бүгінгі жағдайда «ұлтты сақтап, одан әрі өркенін өсірудің кепілі», - деп білген жөн. Мұның өзі «ұлт дегеніміз - ұлттың өзін – өзі билеу идеясы басын құраған адамдардың шынайы жүрек жарды бірлестігі» деген идеядан өрбиді [5].

Отан – діннің, моральдің және эстетикалық сұлулықтардың мұражайы, көрмесі.Отанымызды шынайы махаббатпен сүюіміз оның осы шынайы сұлулықтардың жиынтығы болуына байланысты. Олай болса, қашан ұлттық мәдениетімізді бар сұлулықтармен көрсете алсақ , сонда Отанымызды мықтырақ сүйген боламыз және біз соншалықты сүйетін Отанымыздың жолына, тек қауіпті сәттерде жанымызды емес, бейбіт кезде де адамдық және қоғамдық арман – тілектерімізді пида ететін боламыз. Бүгінгі өскелең ұрпаққа отансүйгіштік ұлттық сана – сезім қажет. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талаптанумен сіңеді. Осы қасиеттерді ұрпақ бойына дарытатын – ұстаз,

ата – ана, тәрбиеші, қоршаған орта екені даусыз.

Қазақстандық патриотизм – мемлекеттік патриотизм идеясы. Қазақстанда мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқы этностық патриотизм сатысынан өтті. Патриотизмді дамытудың басты шарты – Қазақстан халқының бір жұдырық болып жұмылып, бірлік пен татулықты сақтауы. Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен ұштастырғанда ғана сіңімді әрі әсері мол болады. Елбасымыздың болашақты болжай алатын көреген саясаткер екендігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранына «Намысын бермеген қазағым мықты ғой» деп өзгеріс енгізгенін байқауға болады. Егер назар салсақ мемлекеттік Әнұранда тек қазақ ұлты туралы айтылып тұр. Себебі еліміздің кез – келген азаматын шет мемлекеттер қазақ деп таниды. Қазақ емес талай отандастарымыз шет елге барып, өздерінің қазақ азаматы екендігіне көздерін жеткізіп қайтып жатыр. Енді бұл процесті жеделдетудің төте жолы ұлттық патриотизмді дамыту. Егер ұлттық патриотизмді дамытатын болсақ, еліміздегі өзге этникалық топтарды отаншылдық рухта тәрбиелеуде жеделдетер едік.

Өз ойымды қорытындылайтын болсам, отансүйгіштік сезімі – туа бітті пайда болатын қасиет. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. Қай елде патриоттық тәрбие жоғары болса, сол елде саяси тұрақтылық пен экономикалық даму өрістейді. Жалпы, патриотизмді қалыптастыру – бұл мемлекеттік міндет, қоғамның әлеуметтік тапсырысы. Патриотизм міндетті түрде тұлғаның жоғары әлеуметтік белсенділігін көздейді.

Қолданылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. http://akorda.kz/kz/page/page_215751_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-kazakstan-khalkyna-zholdauy.
2. Ахметова Л. Патриотизм в ракурсе истории. - Алматы: 1996. - 224с.
3. Әбсаттарұлы Ф. Ұлттық патриотизм – Жалын.- 2011.
4. Әл – Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттары. Алматы: 1975.
5. Жұмахметұлы Б. Патриотизм және азаматтық ұстаным, Егемен Қазақстан – 2011.

УДК 008.00

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ САУЫҚТЫҚ, ӨНЕГЕЛІЛІК ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ ЖАЙЫНДА

Хаирғалиева Құндыз Жасталаповна

kundyz_93_10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ-нің

5В020400 - «Мәдениеттану» мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – М.Ж. Кикимбаев

Мереке немесе мейрам кез келген мәдениеттің әмбебап және маңызды феномені, өйткені қазіргі кездегі ұлттық, мемлекеттік және кәсіби мерекелер қоғамның құндылықтар жүйесін біріктіреді, сонымен қатар мемлекеттің және оны мекендейтін халықтардың өркениеттер арасындағы орнын анықтайды.

Кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында қалыптасқан мерекелік практикаларды зерттеген Штефан Плаггенборг мейрамның ықшам және мазмұнды анықтамасын берген. Онын айтуынша, «праздники можно назвать высшей формой репрезентации, так как при их проведении соединяются в одно целое, в ансамбль разные уровни выражения: слово, изображение, движение, инсценировки» [1, 287 б.].

Мейрамның табиғаты мен мәнін анықтайтын мифологиялық немесе циклді (М. Элиаде,